

КЕЛІСІЛДІ:

«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м. а.

 Л. Кездикбаева
«06» 02 2024 ж.



БЕКІТЕМІН:

Құман Нұрғалиев атындағы
жоғары колледжінің директоры
М.К.Нұрғалиев

 «06» 02 2024 ж.



**ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындарының
студенттері арасында ақпараттық технологиялар бойынша
олимпиада өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Өскемен қ, 2024 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындарының студенттері арасында Ақпараттық технологиялар бойынша олимпиаданы (бұдан әрі – Олимпиада) өткізудің мақсаттарын, міндеттері мен тәртібін, ұйымдастырушылық, әдістемелік қамтамасыз етуді, олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды айқындау тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиада - бұл тестілеуді және нақты тапсырмаларды орындауды, содан кейін олардың сапасын бағалауды көздейтін офлайн түрінде өтетін жарыс.

1.3. Ақпараттық технологиялар бойынша олимпиаданың ұйымдастырушысы «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ мен Құмаш Нұрғалиев атындағы Жоғары колледжі.

1.4. Олимпиаданы өткізу мерзімі: 2024 ж. 29 наурызы

1.5. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылдың 15 наурызына дейін kogunova96@bk.ru электрондық поштасы (№ 1 Қосымша).

Олимпиада бір оқу пәні/модуль шеңберімен шектелмейді, тақырыптық жағынан шектеледі.

2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Олимпиаданың мақсаты

– Ақпараттық технологиялар саласында жоғары дайындық деңгейі мен зияткерлік қабілеттерін көрсеткен дарынды студенттерді анықтау (ИТ);

– Тұлғаны дамытуда, білім беру процесінде, тәрбиелеуде, кәсіби бағдарлауда заманауи ақпараттық технологиялардың рөлін арттыру;

– Практикалық бағыттағы міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану қабілетін дамыту.

2.2 .Олимпиаданың міндеттері

– олимпиадаға қатысушылардың зияткерлік және шығармашылық дамуына жағдай жасау;

– ақпараттық технологиялар саласындағы студенттердің ғылыми қызметін дамыту;

– студенттердің өздігінен жұмыс жасауын дамыту;

– өзінің болашақ кәсібіне және оның әлеуметтік маңыздылығына қызығушылықты арттыру;

– студенттердің жалпы және кәсіби құзыреттерін қалыптастыру;

– студенттердің кәсіби жағдайда жүйелі әрекет ету, өз қызметін талдау және жобалау қабілетін тексеру.

3. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Олимпиаданы өткізуді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ мен Құмаш Нұрғалиев атындағы Жоғары колледжі жүзеге асырады.

Ұйымдастырушының функцияларына мыналар кіреді:

- олимпиаданы тікелей өткізуді қамтамасыз ету;

- олимпиадалық тапсырмалардың материалдарын әзірлеу;

- орындалған тапсырмаларды бағалау критерийлері мен әдістемесін әзірлеу;

- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекіту;
- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттауды ұйымдастыру.

3.2 Олимпиадаға ШҚО колледждерінің 1-2 курс студенттері, бір білім беру ұйымынан 3 адамнан артық қатыса алмайды.

3.3 Олимпиадаға қатысушылар берілген өтінімдерге сәйкес тіркеуден өтеді.

3.4 Олимпиаданың ұзақтығы – 3 сағат.

3.5 Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

1 кезең – компьютерлік тестілеу

2 кезең — MS Office ортасында практикалық мәселелерді шешу.

Мазмұны бойынша конкурстық тапсырмалар 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша Типтік оқу бағдарламасы сәйкес келеді.

3.6 Тапсырмаларды орындау үшін:

- Операциялық жүйе: Windows;
- Бағдарламамен қамтамасыз ету : Microsoft Office, EasyQuizzy.

3.7 Ұсынылатын тапсырма түрлері:

-1 кезең:

- Тестілеу. Тест сұрақтарына жауап беру (дұрыс жауапқа 1 ұпай).

-2 кезең:

- 1-тапсырма. **MS Word: постер құру.**

Ұсынылған үлгіге сәйкес мәтінді басып шығарыңыз және пішімдеңіз.

- 2-тапсырма. **MS Excel бағдарламасында есептеу.**

Есептің қойылуы: Үлгі бойынша кесте құру. Электрондық кестеде/мәтіндік процессорда кесте жасаңыз және оған үлгі деректерді енгізіңіз.

- 3-тапсырма. **MS Power Point бағдарламасында презентация.**

Үлгі бойынша тақырыптық слайд жасаңыз.

Тапсырмаларды орындау критерийлері негізінде сарапшылар бағалайды.

3.8 Тапсырмалардың сапасын бағалау және олимпиада жеңімпаздарын анықтау үшін кәсіпорындардың, орталықтардың, жоғары оқу орындарының, колледждердің өкілдерінен тәуелсіз сараптау комиссиясы құрылады.

3.9 Құрамына жалпы кәсіптік циклдің педагогикалық қызметкерлері кіретін апелляциялық комиссия нәтижелер жарияланғаннан кейін бірден олимпиадаға қатысушылардың талаптарын қарайды. Апелляцияларды талдау кезінде комиссия апелляциялық сұраққа бағаны көтеруге (немесе оны сол күйінде қалдыруға), сондай-ақ бастапқы тексеру кезінде байқалмаған қателер анықталған жағдайда оны төмендетуге құқылы. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және сараптау комиссиясы орындарды түпкілікті бөлу бойынша жиынтық балды анықтау кезінде ескереді.

4. ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тест және практикалық тапсырма дұрыс орындалуына қарай бағаланады. Практикалық тапсырмада оны орындау үшін ұпайлар көрсетілген. Әрбір қате үшін бағалау критерийлерінде көрсетілген ұпайлар алынады. Алынған ұпайлардың санын сараптама комиссиясы анықтайды.

Жұмысты бағалау кезінде мыналар ескеріледі: орындалу дәлдігі, орындалу уақыты, MS Word мәтіндік редакторында, MS Excell электрондық кесте процессорында және MS Power Point презентация шеберінде жұмыс істей білу.

Орындар қатысушы жинаған ұпайлардың орташа саны бойынша бөлінеді.

5. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1 Олимпиада жеңімпаздары ең көп ұпай жинаған қатысушылар, егер олар жинаған балл саны ең жоғары ұпайдың жартысынан асса, есептелінеді. Егер бірнеше қатысушы бірдей ең көп ұпай жинаса, онда олардың барлығы жеңімпаз деп есептелінеді.

5.2 Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 1, 2 және 3 дәрежелі дипломдармен марапатталады. Олимпиадаға қатысушыларға және олардың жетекшілеріне қатысу сертификаттары беріледі.

5.3 Олимпиада нәтижелері туралы ақпарат колледж сайтында және колледждің әлеуметтік желілерінде жарияланады.

Өтінім формасы

№	ТжКББ ұйымының атауы (толығымен)	Қатысушының АЖТ	Курсы, тобы	Жетекшінің аты-жөні және байланыс деректері, email